

Ж.Б. Хаджаева<sup>1</sup>, А.С. Стамбекова<sup>1</sup>, Б. Дринк<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

<sup>2</sup>Лейпциг университеті, Германия  
(E-mail: zhamilyakhajayeva@gmail.com)

## Бастауыш сыныптарда көптілді білім берудің маңызы

Мақалада әлемдік тәжірибемен қатар, Қазақстандағы бастауыш сыныптағы көптілді білім берудің сипаты мен ролі қарастырылған. ХХІ ғасыр білім беру кеңістігінің жаңа парадигмалармен өзгеруі мен жанаруы белсенді өтуде, білімінің құрылымы мен функциясы, сол сияқты білімнің мазмұны мен оқытудың технологиясы жаңа сипаттамаларға еніп отыр. Қазақстан Республикасының көптілді мемлекет ретінде дүние жүзіне танылуы мен үштілді білім беруде жинақталған тәжірибе мен мәселелердің алуантүрлілігі, әсіресе тілдерді оқыту барысындағы туып отырған ерте жастан оқыту мәселелері елімізде көптеген пікірталастарға әкелуде, мақалада ерте жастан оқытудың жағымды және кері әсерлері туралы алыс және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне теориялық талдау жасалып, әлемдік тәжірибе мен қазақстандық жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша көптілді оқытудың тиімділігі көрсетілген. Сондықтан қазіргі таңда мектептерде шет тілдерін бастауыш сыныптардан, мүмкін болса, балабақшадан бастап оқыту енгізілуде. Себебі шетел тілдеріне ерте жастан оқытудың тілді оңай әрі еркін меңгеруге тигізер ықпалы орасан зор. Көпжылдық зерттеу көрсеткендей, ағылшын тіліне ерте жастан оқыту балалардың жеке тұлғалық және тілдік қалыптасуын реттейді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге және толерантты болуға үйретеді. Дегенмен, сол көптілділік іргетасы ана тілден қалануы керектігін ұмытпаған жөн.

*Кілт сөздер:* көптілділік, бастауыш мектеп, тілдерді ерте оқыту, жаңартылған білім мазмұны, тілдік оқыту, білім беру бағдарламалары, шет тілі.

Жаһандану дәуірінде білім берудің маңыздылығы сөзсіз. Білім берудің орны мен рөлінің қоғам талабына сай дамуы ғылыми-техникалық жаңалықтардың артуы мен өрлеуіне әкелді. Дүниежүзілік жетістіктердің қатарында жоғарғы дамыған техника мен ақпараттық технологиялардың жедел өрлеуі, қоғамдағы ілгері тұрған мәселелерді шешкенмен, әлемде белен алған мәдени-рухани дамудың әлсізденуі адамзаттың рухани дамуын тежегендей болды. Сол себепті де, заман талабына сай білім заңдылықтары өзгеріп отырады, оның барлығы қоғам мен мемлекеттің тығыз жұмысында. Сондықтан қазіргі таңда еліміздің білім жүйесіндегі саясаты әлем білім кеңістігімен қатар жүруде. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы соның дәлелі ретінде, көрсетілген алты бағыттың төртіншісі: «Білімнің салтанат құруы», онда: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы — білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Білім беруді құндылық ретінде қарастырудың мәні неде? Құндылық – кез келген индивид, топ, ұжым, этнос, тағы басқа үшін өмірлік маңызы жоғары материалдық немесе рухани нысаналар. Сондықтан білім беру немесе білім алу үлкен құндылық деп есептеледі [1].

Бүгінгі таңда әлемдік білім беру үрдісінде білім беру құндылықтары мен мақсаттары мен мазмұны жаңа жүйесі жан-жақты талқыланып, табиғат, мәдениет және жеке даму идеялары негізінде жеке тұлғаның ұғымы қайта жанданды. Білім берудің жаңа парадигмалары пайда болды, онда педагогикалық шындық жаңа ғылым тілі арқылы көрініс табады. Ғылыми айналымға көптілділік, білім кеңістігі, көп мәдениетті білім беру ортасы, білім беру технологиялары сияқты ұғымдар кеңінен қолданысқа енді. Осыған орай ҚР Үкіметінің 13.05.2016 ж. № 292 Қаулысымен енгізіген жаңартылған оқу бағдарламасы қабылданды, бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1 наурызындағы Жарлығымен «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы аталған стандарттың жүзеге асуында елеулі орын алады [2].

Әртүрлі санаулар бойынша әлемде 6000-нан 7000-ға дейін тілдер бар. Бүгінде бұл әртүрлілікті қорғау — біздің әлем алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Ғалымдардың бағалауы бойынша, олардың кем дегенде жартысы алдағы жылдары жоғалу қауіпіне ұшырайды [3]. Кейбір елдер, Исландия секілді, лингвистикалық тұрғыда біртекті болғанымен, көптеген елдер мен өңірлер тілдік әртүрлілігін көрсетеді. 700-ден астам тілімен Индонезия, Папуа-Жаңа Гвинеяның 800-ден астам

тілдік алуантүрлілік байқалады [4]. Нақтырақ айтқанда, тілдік алуантүрліліктің таралуы біркелкі емес. Әлемдегі барлық тілдердің 70 пайыздан астамы, әлемнің ең кедей елдерін қоса алғанда, 20 ұлттық мемлекетте ғана табылған. Алайда, тұтастай алғанда, екі тілді және көптілді контекстінде, яғни бір елде тұратын түрлі тіл топтарының болуы, Солтүстік және Оңтүстік елдерде ғана емес, қалыпты жағдай болып есептеледі. Екі тілді және көптілді білім беру, яғни күнделікті өмірде де бірнеше тілдерді қолдану, осы тұрғыда әдеттегі тәжірибе болады [5]. «Тіл халық – рухы», — деген неміс ойшылы В. Гумбольдт. Тіл дегеніміз тек қана мәдениетіміздің айнасы ғана емес, сондай-ақ көптеген ғылымдардың негізі болып табылады. Тіл – адам баласының ең басты қатынас құралы бола тұрып, философиялық сөздікке жүгінсек, ол — ақпарат алмасу мақсатында және танымдық процестерді дамыту үшін қолданылатын таңбалау жүйесі [6]. Сондықтан да тілдерді меңгеру тек қана заман талабы ғана емес, тұлғаның өзінің ішкі қажеттілігіне, сол сияқты өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жанаша деңгейде ашуды білдіреді. Индивидтің тілдерге деген қызығушылығының болуы, тілдерге деген біліктілігін сезе отырып, сол арқылы өзін-өзі аша түсуін қанағаттандырады. ХХ ғасырдың басында білім беру жүйесінде бір тілділікке негізделген және бір тілділік мақсат болған. Бірақ ХХ ғ. 50 жж. бастап бұл жағдай елеулі өзгерді, білім беру жүйесінде қос тілділік пайда болды. Бұл өзгерістердің бір себебі ретінде, дүние жүзі мемлекеттерінің өсіп келе жатқан байланыстары шетел тілдерін меңгеру талап етіледі және соның ішінде ағылшын тілі халықаралық қатынас құралына айналып отыр. Тілдерді меңгеру дегеніміз тілдер мәдениетіне әуестік тартады, сондықтан да ЮНЕСКО оқушыларды, ең алдымен, ұлттық таныс орта мәдениетімен таныстырып, одан ары қарай бұдан кеңірек, яғни көпұлтты мемлекеттен құралған үлкен ұлттың мәдениетіне өту керек [7].

Ең алдымен, үштілді білім берудің мәселелерін қарастырған ғалымдардың жұмысын талдауды қарастырамыз. Көптілді білім беру мәселесін зерттеуде алыс және жақын шетелдік, отандық ғалымдар өз үлестерін қосқан: М.П. Алексеев, А. Мартине, Ф.П. Филин, В.Г. Костомаров, Я.А. Коменский, Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, Л. Балаян, Ю.Д. Дешериев, Б. Хасанов, Қ.С. Мусин, К.Ж. Кожаметова, Б.А. Жетпісбаева, В. Maria Estela, Christian Dorna S.L. Walter, тағы басқалар.

Екі тілде сөйлейтін адамдар билингвтер, үш тілді меңгергендер полилингвистер, үш тілден көп меңгерген — полиглоттар. Тіл әлеуметтік топтардың функциясы болғандықтан, екі тілде сөйлейтін адам бір мезгілде екі түрлі әлеуметтік топқа тиесілі бола алады [8; 313].

Екі- және көптілді білім беру екі немесе одан да көп тілдерді оқу құралы ретінде пайдалануды білдіреді. Алайда ЮНЕСКО 1999 ж. Бас конференцияның 12 қарарында кем дегенде үш тілде, ұлттық, аймақтық немесе ұлттық тілде және білім берудегі Халықаралық тілде қолдануды білдіретін «көп тілді оқыту» терминін қабылдады [3].

Әлемдік екі немесе одан көп тілдерді оқыту тәжірибесіне жүгінсек, Еуропа мемлекеттерін қарастыруға болады. Еуропалық өңірлер арасында қазіргі таңда барлық мемлекетаралық шекаралар өшіп барады, бірақ тілдік шекаралар сол қалпында қала беруде, бұл жағдай еуропалық қауымдастықтың дамуына кері әсерін туғызады. Бүгінгі күнде Еуропалық экономикалық кеңес мемлекеттерінде мына тілдер мемлекеттік деп саналады, олар ағылшын, француз неміс, итальян, испан, португалдық, нидерландық, даттық, грек, ирлан тілдері. 1990 ж. қауымдастықпен «Лингва» бағдарламасы іске қосылды, бұл бағдарламаның басты мақсаты — осы тілдердің Батыс Еуропа мемлекеттерінде өзара оқытуларын ынталандыру. Бұл бағдарлама бойынша оқу жоспарларына бастауыш сыныптар мен орта білім беретін мектептерде шетел тілін оқытуды енгізу. Ал, 1987 ж. осы бағдарламаның алдында енгізілген «Эразм» (Erasmus) бағдарламасында 33 мемлекеттерден 4 мыңнан аса білім беру институттары қатысты. Бұл бағдарламаның ашылуынан бастап, 2,2 миллионнан аса студент қатысқан. 2010–2011 жж. аралығында Еуропа студенттерінің 231 мыңы оқу гранттары мен шетелдік тағылымдамаларға ие болды. Осы орайда Германия мемлекетін қарастыратын болсақ, онда, 16 федеративтік жерлердің білім саясаты әртүрлі әдістер мен білім мазмұнын қолданғанымен, білім құрылымы бірдей. Тілдерді оқытуда бастауыш сыныптан басталады. Ал, біздің елдегі бастауыш сыныптардың білім жағдайы қандай?

2018–2019 оқу жылында 1–3-сыныптар жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламаларымен және жоспарларымен оқытын болады.

Еліміздің жалпы білім беру ұйымдарының бастауыш мектебінде оқу процесі ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

ББ МЖМС талаптарын негізге ала отырып, бастауыш білім беру білім алушыларды жан-жақты дамытуды, қоғамда өзіне лайықты орнын табуға қабілетті жеке тұлғаның қалыптасуы үшін негіз

калауды, оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруды, қолданбалы сипаттағы тапсырмаларды шешу үшін алған білімдерін қолдана білуін дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Бастауыш сыныптардағы білім беру процесі ҚР білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаға сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұны ерекшеліктері:

– оқу бағдарламасы «шиыршық қағидаты» негізінде әзірленген, яғни тақырыптар мен сыныптар бойынша білім мен білік бірте-бірте өсіп, дағдылар күрделеніп отырады;

– оқыту мен тәрбие бірлігі қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

– үштілді білім беруді іске асыру көзделген;

– пәндер бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарының жүйесі берілген;

– пәндік білім, білік және дағдылардың кең спектрін қалыптастыруға бағытталған: білімдерін функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, жобалау және зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдерін қолдану, жеке және топта жұмыс жасай білу, проблемаларын шешу және шешім қабылдау;

– ортақ тақырыптардың болуы;

– негізгі құндылықтар негізінде кең спектрлі дағдылармен бірлікте жеке тұлғалық қасиетті дамыту: «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» [9; 160].

Осындай ерекшеліктердің енуі бастауыш сынып оқушыларының «әлем азаматы» мен мемлекеттердің дамуының алдыңғы көрсеткіштерінің бірі — «адами капиталды», адами құндылықтар сапасын негізін қалайтын бастапқы сатысы. Жоғарыда айтылғандай, үштілді білім беру әлемдік тәжірибеде кең таралғанымен, Қазақстан үшін үш тілде білім берудің негізгі стратегиялық мақсаты — қазақстандықтардың бір уақытта үш мақсатты тілді халықаралық стандартқа сай меңгеруіне қажетті жағдай жасау, нақты айтқанда:

– қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білу, ол азаматтардың үйлесімді бірлесуіне ықпал етеді;

– орыс тілі, қазақ тілімен қатар қолданылатын, ресми тіл ретінде;

– ағылшын тілін әлемдік экономикаға бірігу құралы ретінде үйрену.

Білім процесінде барлық үш тіл (екінші және үшінші тілдер, яғни, қазақ тілі (Т2), орыс тілі (Т2), ағылшын тілі (Т3) бәсекелестікте емес, бірлікте дамуы тиіс. Осыған орай үш мақсатты тілге оқытудың негізгі тәсілдемесі белгіленді [10; 7]. Дегенменде Орта Азиядағы CIMERA халықаралық ұйымының зерттеулеріне назар аударсақ, бұл өңірлерде, әсіресе екітілдік басым, тіпті кейбір жағдайларда аталған елдерде орыс тілінің үстемдігін байқауға болады. Үштілді білім берудің мақсаты тілдердің «үштұғырлығы» болғандықтан, оқу барысында оқушыларға тілдерді меңгеруге үлкен талап қойылады және тілдерді оқуда бірдей коммуникативті, белсенді және тұлғаға бағытталған тәсілдердің қолдануы байқалады. Оны 2018–2019 жылдарға арналған «Тіл және әдебиет» білім саласы» пәндерінің әдістемелік нұсқаулығынан көруге болады (кестені қара):

К е с т е

**2018–2019 жылдарға арналған «Тіл және әдебиет» білім саласы» пәндерінің әдістемелік нұсқаулығы**

Пән атауы	Оқу жүктемесі	Тілдік бағдарлама білім алушыларға төмендегі тәсілдер арқылы тілді меңгертуге бағытталған
1	2	3
Сауат ашу	Аптасына 6 сағаттан, оқу жылына 198 сағатты құрайды	«Сауат ашу» пәні – «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндерінің құрамдас бөлігі, бұдан әрі тілдік және әдебиеттік білімге дайындық кезеңі, сондай-ақ одан кейінгі оқытудың негізі болып табылады. Пәнді оқытудың ерекшелігі білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын меңгеру процесінде функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып табылады, ол оқу мен жазу бойынша алған білім, білік, дағдыларын түрлі өмірлік жағдаяттарда пайдалануға мүмкіндік береді

1	2	3
Қазақ тілі	1) 2-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 136 сағатты; 2) 3-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 136 сағатты құрайды	Сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану
Әдебиеттік оқу	1) 2-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында – 102 сағатты; 2) 3-сыныпта – аптасына 3 сағаттан, оқу жылында – 102 сағатты құрайды	Бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармандан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқу бағдарламасында әдеби-шығармашылық қабілеттерін дамыту қарастырылған
Орыс тілі	1) 1-сыныпта - аптасына 2 сағат, оқу жылы бойынша - 66 сағат; 2) 2-сыныпта аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 68 сағат; 3) 3-сыныпта - аптасына 2 сағат, оқу жылы бойынша 68 сағат	Ауызша және жазбаша сөйлеуде қарым-қатынас дағдыларын дамыту; келісілген сөйлеуді дамыту (монолог, диалог, әңгіме); саналы, дұрыс, еркін сөйлейтін, мәнерлі оқуды дамыту; шығармашылық қиялды дамыту
Шетел тілі	1) 1-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 66 сағатты; 2) 2-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында – 68 сағатты; 3) 3-сыныпта – аптасына 2 сағаттан, оқу жылында – 68 сағатты құрайды	Талдау, бағалау және шығармашылық ойлау дағдыларының дамуына ықпал ететін әртүрлі тапсырмалар; ауқымды жазбаша және ауызша дереккөздермен жұмыс жасау

Алайда бастауыш сынып ағымдағы ахуалды талдау, шет тілін меңгерудің тиімділігі мен сапасын төмендететін себептер шешілмеген проблемалар жатыр: бастапқы бастауыш білім беру жүйесінде шет тілін оқыту ерекшелігін анықтау; бастауыш сынып жасындағы балалардың шет тілін меңгеру үрдісінің табысын айқындайтын психолингвистикалық үлгілерді зерттеу; оқушылардың оқу үдерісінде кіші сынып оқушыларының шет тілін білуін табысты қамтамасыз ететін қабілеттерді зерттеу; оның моральдік-танымдық даму ерекшеліктері мен критерийлерін анықтау; бастауыш білім берудің шет тілдері саласындағы дамуының әсерін бағалау. Бұл себептер сондай-ақ тілді меңгерудің технологиясын құрастыру кезінде қарастырылуы тиіс психофизиологиялық және нейрофизиологиялық ерекшеліктер мен мектеп жасындағы балалардың мүмкіндіктеріне жеткіліксіз көңіл бөледі [11; 134]. Осы сияқты мәселелердің туындауы мен шешуін талап ету бастауыш сыныпта шет тілдерін оқытудағы зерттеулерді талдауды міндеттейді. Осыған орай бүгінгі таңда шет тілін ерте меңгерудің маңыздылығы мен қажеттілігін теориялық негіздеу өте көп (А.М. Шахнарович, Е.И. Негневицкая, Н.П. Каменецкая, Г.В. Яцковская, Л.И. Айдарова, Н.Д. Галскова, Е. Соловцова, Ф. Хабибрахманова, Р.П. Құнанбаева, Т.Ю. Шелестова). Шет тілдерін ерте үйренуге пайда болатын дәлелдердің жиынтығы үш топқа бөлінеді:

- саяси-экономикалық;
- әлеуметтік-мәдени;
- психологиялық-педагогикалық зерттеулер.

Елдер арасындағы ынтымақтастықты кеңейту балаларды ерте жастан бастап шет тілін үйренуге және мәдениетаралық түсіністікті жүзеге асыруға дейінгі барлық мүмкіндіктерді жасайды. Бұл баланың жеке тұлғасын тәрбиелеуге, ортақ және әртүрлі мәдениеттер туралы түсінік алуға және жаңа мәдениеттің танылуына жол ашады. Мектепке дейінгі тәрбие бастауыш сыныппен бірге баланы шет тілін меңгеруді енгізу арқылы қоғамдағы әлеуметтік тәртіпті жүзеге асыруға негіз болады және балаға толыққанды даму үшін қосымша мүмкіндіктер береді [12; 5].

Томас пен Коллидің зерттеулерінде бала тілінің қалыптасу кезеңдерін байқауға болады. Педагогикалық тұрғыдан қарағанда, тұлғаны қалыптастыруда, тәлім-тәрбие беруде және заманға сай

білім беруде баланың жастық шағы өте маңызды. Сондықтан да баланың тәрбиесі, білімі, мінезі, қабілеті, көзқарасы, мәдениеті т.с.с адамгершілік қасиеттері негізделетін іргетасын қалау қажет. Ол үшін баланың ұлттық куәлігін (national identity) қалыптастыру қажет. Ұлттық куәлік ұлттық тіл, мәдениет, салт дәстүр, тарих, мәдениет, әдебиет т.с.с. ұлттық құндылықтарды қамтиды. Балаға көптілде білім беру үшін немесе шетел тілін үйрету үшін алдымен баланың өзінің ұлттық ерекшеліктерін білу керек [13; 16]. Осылайша баланың, баланың қай тілде білім алғанына қарап, оның білім деңгейін анықтауға болады. Әуел баста, басқа тілде білім алған баланың білім деңгейі төмен (11–22 %). Үшінші сыныпқа дейін ана тілде білім алған баланың деңгейі орташа (24–33 %). Алтыншы сыныпқа дейін ана тілінде білім алған баланың білім деңгейі орташадан бірсыпыра жоғары (54 %). Ал көпұлттық сыныпта бір уақытта екі оқытушы екі тілде білім берсе, оқушылардың білім деңгейі жоғары болады (70 %) [14]. Осы айтылған ойды педагог-ғалым К.Д. Ушинский «Избранные педагогические произведения» атты кітабында «Родное слово» мақаласында [15; 254] көруге болады: «Изучение иностранных языков не должно начинаться очень рано и никак не прежде того, пока будет заметно, что родной язык пустил глубокие корни в духовную природу дитяти. Постановит какой-нибудь общий срок в этом отношении нельзя. С иным ребенком можно начать изучение иностранного языка в 7 или 8 лет (никогда ранее), с другим — в 10 и 12; с детьми, обладающими крайне слабой восприимчивостью, лучше не начинать никогда: иностранный язык только подавит окончательно и без того слабые его способности. Изучение того или иного иностранного языка должно идти по возможности быстро, потому что в этом изучении ничто так не важно, как беспрестанное упражнение и повторение, предупреждающее забвение». Ал Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» еңбегінде: «Бастауыш сыныптан оқығандар писарь, учитель, фельдшер, адвокат, содия, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек. Солай ойлағанда көңілге ұнамды мектептің түрі, біздің ойымызша, мынау: бастауыш сынып қазақ үшін 5 жылдық боларға тиіс. Әуелгі 3 жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек» [16; 434, 437]. Ерте жастан шетел тілін оқуды құптамайтын ғалымдар баланың өз ана тілі мен ұлттық мәдениетін толықтай сусындап, түсінуге мүмкіндіктері төмен болады деп есептейді. Әрине, шетел тілдерін оқытуды ерте жастан оқуды қолдайтын ғалымдарда баршылық. Шетел тілін бастауыш сыныпта оқыту мәселесі мен мұғалімдердің алған тәжірибесін дамытуға ғалымдардың қосқан үлесіне қарамастан, шет тілдері бойынша бастауыш білім берудің тиімділігі жеткіліксіз деп танылды [17; 2–5]. Ана тілін оқуға ерекше көңіл бөлінгенімен, шетел тілдерін оқытуды ерте жастан қолдайтын Л.С. Выготский, И.А. Зимняя, Г.В. Рогова, Н.И. Гез. Ерте жастан бастап оқыған шет тілі тілдік қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді: әлемнің тілдік бейнесі қалыптастырады, бала екі тілді салыстыруды үйренеді, соның нәтижесінде ойлау көп сатылы болады, өйткені бала белгілі бір тілден дерекнамаларды; басқа мәдениетпен танысып, бала толеранттылыққа үйренеді, конверсия қабілеттерін дамытады [18; 219].

Мақалада айтылған теориялық талдаулар мен шетелдік тәжірибе Қазақстанда бастауыш сыныпта үштілді білім берудің оқыту үдерісі мен жеке тұлғаның қалыптасуында маңызды рөл атқаратындығы сөзсіз. Алайда шет тілдерді меңгеру барысында оқушы тілдік оқудың бірізділігі мен тілдік сананың қалыптасуымен қатар, өзінің ұлттық табиғи тәрбиесін, мәдени-тілдік инофонын түсінуі керек [19].

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Таубаева Ш.Т. Педагогика: учеб. / Ш.Т. Таубаева, С.Т. Иманбаева, А.Е. Берикханова. — Алматы: ОНОН, 2017. — 340 с.
- 2 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға» арналған Мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс]. — Қолжеткізу тәртібі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205>.
- 3 Wurm S. Atlas of the World's Languages in Danger of Disappearing: учеб. пос. [Electronic resource] / S. Wurm. — Paris: UNESCO Publishing, 2001. — 90 p. — Access mode: <http://www.unesco.org/languages-atlas/>.
- 4 Wurm S.A. Northern minority languages / S.A. Wurm // Problems of survival and ethnological studies. — 1997. — No. 44. — P. 35–53.
- 5 Resolution 12 «Worldwide Multilingualism» [www.unesco.org](http://www.unesco.org) [Electronic resource]. — Access mode: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000129728>.
- 6 Азимов Г. Новый словарь методических терминов и понятий: теория и практика обучения языкам / Г. Азимов, А.Н. Щукин. — М.: Изд-во «ИКАР», 2009. — С. 448.
- 7 Resolution «Education in a multilingual world. Education Position paper» [www.unesco.org](http://www.unesco.org) [Electronic resource]. — Access mode: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000129728>.

- 8 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность / Л.В. Щерба. — Л., 1974. — 428 с.
- 9 Әдістемелік-нұсқау хат «2017–2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» [Электрондық ресурс]. — Қолжеткізу тәртібі: <http://nao.kz/loader/fromorg>.
- 10 Әдістемелік-нұсқау хат «2018–2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» [Электрондық ресурс]. — Қолжеткізу тәртібі: <http://nao.kz/loader/fromorg2>.
- 11 Рогова Г.В. Методика обучения английскому языку на начальном этапе в общеобразовательных учреждениях: для учителей и студентов пед. вузов: учеб. пос. / Г.В. Рогова, И.Н. Верещагина. — М.: Просвещение, 2000. — 232 с.
- 12 Нельзина Е.Н. Обучение дошкольников иностранному языку на интегративной основе: на материале немецкого языка: автореф. дис. ... канд. пед. наук: спец. 13.00.01 – «Общая педагогика, история педагогики и образования» / Е.Н. Нельзина. — Пермь, 2000. — 56 с.
- 13 Гаипов Д.Э. Қазақ-түрік лицейлерінде ағылшын тілін оқытудың үлгісін жасау арқылы көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыру: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.01 – «Жалпы педагогика, педагогика және білім беру тарихы» / Д.Э. Гаипов. — Астана, 2007. — 152 б.
- 14 Thomas, Wayne. School effectiveness for language minority students: учеб. пос. [Electronic resource] / Thomas Wayne, Virginia Collier. — Washington D.C., 1997. — Access mode: [http://www.thomasandcollier.com/assets/1997\\_thomas-collier97-1.pdf](http://www.thomasandcollier.com/assets/1997_thomas-collier97-1.pdf).
- 15 Ушинский К.Д. Избранные педагогические произведения / К.Д. Ушинский // Родное слово. — 2004. — № 2. — С. 254–256.
- 16 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы: оқу құралы / А. Байтұрсынов. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 448-б.
- 17 Бим И.Л. Модернизация структуры и содержания школьного языкового образования / И.Л. Бим // Иностранные языки в школе. — 2005. — № 8. — С. 2–6.
- 18 Слостенин В.А. Педагогика: учеб. пос. / В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов. — М.: Изд. центр «Академия», 2013. — 576 с.
- 19 Барышникова Н.В. Особенности межкультурной коммуникации при совершенном владении иностранным языком / Н.В. Барышникова // Обучение межкультурной коммуникации в различных условиях: сб. науч. ст. — Пятигорск, 2000. — С. 68–70.

Ж.Б. Хаджаева, А.С. Стамбекова, Б. Дринк

### Важность полиязычного образования в начальной школе

В статье проанализированы мировой опыт, а также сущность и роль полиязычного образования в начальной школе в мире и в Казахстане. Новые парадигмы образования XXI в. преобразовывают и модернизируют структуру и функции образовательной системы, кроме того, содержание образования и технологии обучения приобретает новые характеристики. Признание мира Республики Казахстан как многоязычного и полиэтнического государства выявляет широкий спектр проблем в трехязычном образовании, особенно в начальной школе, вызывает много противоречивых вопросов в стране. В статье проанализированы мнения зарубежных и отечественных ученых о положительном и отрицательном влиянии полиязычного образования в раннем детстве. Данное направление дополняется рассмотрением эффективности полиязычного образования в мировой практике, а также программы обновленного содержания образования в Казахстане. В настоящее время в школах вводят иностранный язык в начальных классах, а также в детских садах. Причина в том, что раннее изучение иностранных языков оказывает глубокое влияние на становление личности. Многолетние исследования показывают, что образование в раннем детском возрасте регулирует физическое и языковое развитие детей, учит детей изучать культуру других народов и проявлять толерантность. Однако не следует забывать, что основой этого многоязычного образования должен быть родной язык.

*Ключевые слова:* полиязычие, начальная школа, раннее обучение языкам, обновленное содержание образования, преподавание языка, образовательные программы, иностранный язык.

Zh.B. Khajayeva, A.S. Stambekova, B. Drink

### The importance of multilingual education in primary school

The article also discusses global experience, as well as the nature and role of multilingual education in primary schools in the world and in Kazakhstan. New paradigms of education of the 21st century transform and modernize the structure and functions of the educational system, as well as the content of education and educational technologies acquire new characteristics. The recognition of the world of the Republic of Kazakhstan as a multilingual and multi-ethnic state reveals a wide range of problems in trilingual education, especially in primary school, raise many controversial issues in the country. The article analyzes the opinions of foreign and domestic scientists about the positive and negative effects of multilingual education in early childhood.

This direction is complemented by a review of the effectiveness of multilingual education in world practice, as well as a program of updated content of education in Kazakhstan. Currently, schools introduce a foreign language from primary school, even in kindergartens. The reason is that the early learning of foreign languages has a profound influence on the development of a personality. Long-term studies show that early childhood education regulates the physical and linguistic development of children, teaches children to study the culture of other nations and to show tolerance. However, one should not forget that the basis of this multilingual education should be based on the native language.

*Keywords:* multilingual education, primary school, early language teaching, updated educational content, language teaching, educational programs, foreign language.

## References

- 1 Taubaeva Sh.T., Imanbaeva S.T., & Berikkhanova, A.E. (2017). *Pedahohika [Pedagogics]*. Almaty: ONON [in Russian].
- 2 Kazakstan Respublikasynda bilim berudi zhane hylymdy damytudyn 2016–2019 zhyldarha arnalhan memlekettik bahdarlamasy [State program of education and science development in the Republic of Kazakhstan for 2016–2019]. (n.b). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205> [in Kazakh].
- 3 Wurm, S. (2001). Atlas of the World's Languages in Danger of Disappearing. Paris: UNESCO Publishing. *unesco.org*. Retrieved from: <http://www.unesco.org/languages-atlas/>.
- 4 Wurm, S. (1997). Northern Minority Languages. – Problems of survival seni ethnological studies, 44, 35–53.
- 5 Resolution 12 «Worldwide Multilingualism». *unesco.org*. Retrieved from <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000129728>.
- 6 Azimov, E.G., & Shchukin, A.N. (2009). *Novyi slovar metodicheskikh terminov i poniatii (teoriia i praktika obucheniia yazykam) [New vocabulary of methodical terms and concepts (theory and practice of language teaching)]*. Moscow: Izdatelstvo «IKAR» [in Russian].
- 7 Resolution «Education in a multilingual world. Education Position paper». *unesco.org*. Retrieved from <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000129728>.
- 8 Shcherba, L.V. (1974). *Yazykovaia sistema i rechevaia deiatel'nost' [Language system and speech activity]*. Leningrad [in Russian].
- 9 Adistemelik-nuskau khat «2017–2018 oku zhylynda Kazakstan Respublikasynyn zhalpy orta bilim beretin uymdarynda oku protsesin uymdastyrudyn erekshelikteri turaly» [Instructive and methodological letter on the peculiarities of organization of educational process in schools of the Republic of Kazakhstan in 2017–2018 in educational year]. (n.d.). *nao.kz*. Retrieved from: <http://nao.kz/loader/fromorg/2> [in Kazakh].
- 10 Adistemelik-nuskau khat «2018–2019 oku zhylynda Kazakstan Respublikasynyn zhalpy orta bilim beretin uymdarynda oku protsesin uymdastyrudyn erekshelikteri turaly» [Instructive and methodological letter on the peculiarities of organization of educational process in schools of the Republic of Kazakhstan in 2017–2018 in educational year]. (n.d.). *nao.kz*. Retrieved from <http://nao.kz/loader/fromorg/2/24> [in Kazakh].
- 11 Rogova, G.V. (2000). *Metodika obucheniia anhliiskomu yazyku na nachalnom etape v obshcheobrazovatelnykh uchrezhdeniakh [The Method of Teaching English at the Initial Stage in General Education Institutions]*. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 12 Nelzina, E. (2000). Obuchenie doskolnikov inostrannomu yazyku na intehrativnoi osnove: na materiale nemetskogo yazyka [Teaching preschoolers a foreign language on an integrative basis: On the material of the German language]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Perm [in Russian].
- 13 Gaipov, D.E. (2007). Kazakh-turik listeilerinde ahilshin tilin okytudin ulhisin zhasau arkili koptildi bilim berudin utymdilihini arttyru [Increasing the level of multilingual education through teaching english at Kazakh Turkish leseums]. *Candidate's thesis*. Astana [in Kazakh].
- 14 Thomas, Wayne & Virginia, Collier (1997). School effectiveness for language minority students. Washington D.C. *thomasandcollier.com*. Retrieved from [http://www.thomasandcollier.com/assets/1997\\_thomas-collier97-1.pdf](http://www.thomasandcollier.com/assets/1997_thomas-collier97-1.pdf).
- 15 Ushinsky, K.D. (2004). Izbrannye pedahohicheskie proizvedeniia [Selected pedagogical works]. *Rodnoe slovo – Native Word*, 2, 254–256 [in Russian].
- 16 Baytursyn, A. (1992). *Tyl tahhylym [Linguistics]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 17 Bim, I.L. (2005). Modernizatsiia struktury i sodержaniia shkolnoho yazykovoho obrazovaniia [Modernization of the structure and content of school language education]. *Inostrannye yazyki v shkole – Foreign languages at school*, 8, 2–6 [in Russian].
- 18 Slastenin, V.A., Isayev, I.F., & Shiyarov, Ye.N. (2013). *Pedahohika [Pedagogics]*. Moscow: Izdatelskii tsentr «Akademiia» [in Russian].
- 19 Baryshnikova, N.V. (2000). Osobennosti mezhkulturnoi kommunikatsii pri sovershenom vladenii inostrannym yazykom [Features of intercultural communication with a complete knowledge of a foreign language]. *Obuchenie mezhkulturnoi kommunikatsii v razlichnykh usloviakh – Teaching intercultural communication in various conditions*, 68–70 [in Russian].